ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 22 қаңтар № 7119-24-00-2/16985 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Искалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Нұрасыл Маратұлы» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрасыл Маратұлы Қонысбай
«MK Service» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Меруерт Конисбек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкерлер «Нұрасыл Маратұлы» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрасыл Маратұлы Қонысбайға және «MK Service» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Меруерт Конисбекке мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы ішінара қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 22.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 03.03.2025, судья Искалиева А. С., 04.03.2025

Жауапкер «Нұрасыл Маратұлы» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрасыл Маратұлы Қонысбай мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Нұрасыл Маратұлы» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрасыл Маратұлы Қонысбайдан талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорның пайдасына 24 150 (жиырма төрт мың бір жүз елу) теңге тұрақсыздық айыбы және 725 (жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Нұрасыл Маратұлы» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрасыл Маратұлы Қонысбайдан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Талаптың жауапкер «MK Service» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Меруерт Конисбекті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 22.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.03.2025, судья Искалиева А. С., 04.03.2025